

"Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 301 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі мәні шетелде кадрлар даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның жарғылық капиталын 120000000 (бір жүз жиырма миллион) теңге мөлшерінде респубикалық бюджет қаражаты есебінен қалыптастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне берсін;

3) осы қаулыдан туындастырылған өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қоғам сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар шетелде кадрлар даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламаларын іске асыру, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы жөніндегі қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері респубикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-62-жолмен толықтырылсын:

"21-62. "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 222-30-жолмен толықтырылсын:

"222-30. "Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ";

3) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі